

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін
мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

«Ауғанның отты жылдары» атты мәнерлеп оқу сайысы

Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Ауғанның отты жылдары» атты мәнерлеп оқу сценарийі

Мақсаты: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру.

“Ауған соғысы” жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы толығырақ мәлімет алу.

Тәрбиелік: Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қыршынынан қиылған, жат жерде көз жұмған Қазақстан азаматтарын еске алу, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым беру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке баули отырып тәрбие беру.

Көрнекілігі: Тақырыпқа сай слайд, интерактивтік тақта, қабырға газеттері, ауған соғысына қатысқан жерлестеріміздің суреттері

I Жүргізуші:

Армысыздар, ардақты ұстаздар мен оқушылар!

II жүргізуші

Армысыздар, өрлі де, асқақ рухты тәуелсіз елдің жас ұландары!

Биылғы жылы Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай 5-7 сыныптар арасында ұйымдастырылған «Ауғанның отты жалыны» атты мәнерлеп оқу сайысына қош келіпсіздер.

I жүргізуші

Соғыс - жан алып, жан беру.

Соғыс - халықтың басына келген қасірет, жұт.

Ауғанстан ... Біз ол туралы біз не білеміз? Ауғанстан бұл - ертеден қалыптасқан мұсылман мемлекеті. Бірақ бұл ел бізге ұмытылмас қайғы мен қасірет әкеледі деп ешқашан ойлаған емеспіз. Біреудің жүрек жарар ұлын, біреудің арқа сүйер бауырын жұлып әкетерін кім білген?! Ауған соғысы — КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. КОКП және КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген “халықтық-демократиялық үкіметті” қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, “интернационалдық әскери жәрдем береміз” деген желеумен оның ішкі істеріне араласты. Бұл “қырғи қабақ соғыс” кезеңі өткеннен кейінгі уақытта да КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының айқын көрінісі еді.

II жүргізуші

1979 жылы Ауғанстан жерінде болған зұлмат соғыста Кеңес әскерлері қайталанбас қаһармандық танытты. Мейлі өзге елде болсын, халықтың тыныштығын қалаған батырларымыздың басым бөлігі сол бір сұм жылдарда майдан даласында қаза тапса, тағы бірі із-түссіз жоғалып кетті.

Ауған соғысының қанды қырғынынан аман —есен оралғанымен, жандары жаралы 18 мыңнан астам қазақстандық ардагер ортамызда жүр. Олардың

дұшпан оғынан қаза тапқан майдандас достарын соңғы сапарға шығарып салып тұрып, көздері жасқа, жүректері мұңға толған шақтары көп. Сонда да ата-баба рухына дақ түсірмей елге абыроймен оралды. Майдан даласында жанқиярлық пен қаһармандығы үшін он мыңдаған қазақстандық орден - медальдармен марапатталды.

Лед экрандағы бейне баянға назар аударсақ. (Бейнеролик көрсетеді)

I жүргізуші

Не болды екен, көңілім тыншымайды,
Кім болды екен басатын гүл шырайды.
Енді ғана нұрланған бұл өмірдің
Ақ жолынан алыста жүрші, қайғы.?!

II жүргізуші

Үзілді гүл бүршік атқан жаңадан,
Қиылды өмір, енді ғана жаңарған.
Наз көңілдер су сепкендей басылды,
Төгілді жас жабырқаулы жанардан- деп ендігі кезекті мәнерлеп оқу сайысына берейік.

(Кезекпен оқушылар сахнаға шығып көркем сөз оқиды)

I жүргізуші

Соғып өтті тіршіліктің ызғары
Болғаны ғой ... осы өмірді бұзғаны.
Суық лебі жүрекке кеп орнады,
Бірақ бұл сәт уақытынан озбады.

II жүргізуші

Әлемге ортақ аспан да, жұлдыз, Ай да, Күн...
Қуаныш та көп, қайғымыз да көп айтатын.
Бәрі де ортақ, тек шекаралар арада
Әттең, тек содан көңілім менің қайтатын

I жүргізуші

Ендігі кезекте 7 «Ә» сынып оқушысы Қалдархан Рамазан
күйін тыңдайық.

II жүргізуші

Еске алады жыл сайын
Өмір үшін өртеніп кеткендерді.
Ал бүгінде мақтан етер ұрпақтары
Жеңіс алып еліне жеткендерді.

I жүргізуші

Тыныштық боп мәңгі осылай тұрса күн,
Жас бүлдіршін жаға берер жыр шамын.
Сүйем сені, қасиетті мекенім,
Мәңгі сені әнмен желпіп өтемін.

II жүргізуші

Жығылып, қайта тұрып, құлап, төзген,
Батырлар қалған сонда бар ма жасып.
Теңеу жоқ бұл соғысқа бір-ақ сөзбен –
Арыққа қан сыймағын, арна тасып.

I жүргізуші

Биылғы жыл – Жеңіс күні – көктемім,
Байқаймысың өмірдің де өткенін.
Топырағың торқа болсын, жат аунап,
Өкінішті осы күнге жетпегенің.
Тыныштық боп мәңгі осылай тұрса күн,
Жас бүлдіршін жаға берер жыр шамын.
Мәңгі есінен шығармайды сізді естен,
Ұмытпайды артта қалған ұрпағың.

II жүргізуші: Ананы баладан, баланы әкеден айырған сұм соғыс енді болмасын, аналар ешқашан жыламасын дей отырып, бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

**Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы орта мектеп коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде 5-6 сыныптар арасында Ауған Кеңес
әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай
«Ауғанның отты жылдары» атты мәнерлеп оқу сайысы**

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру. “Ауған соғысы” жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы толығырақ мәлімет алу. Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, Отан үшін отқа түсіп қыршынынан қиылған, жат жерде көз жұмған Қазақстан азаматтарын еске алу, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым беру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, отансүйгіштікке, ізгілікке баули отырып тәрбие беру.

Бүгін мектебімізде «оқу мектебі» жобасы аясында Ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның отты жалыны» атты мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Батыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толды. Біз сарбаздар мен офицерлерді еске аламыз. Соңына дейін өз антына адал болып, Отан алдындағы борышын өтегендердің барлығына! Байқауға 5-6 сынып оқушылары қатысты. Әділ-қазылар алқасының шешімі бойынша өлеңнің мазмұны мен орындау шеберлігі ең жоғары деген қатысушыларға жүлделі орындар берілді.

Оқушылар өлеңдер оқып, орындар алды. Бірінші орынды 6 «А» сынып оқушысы Мұсахмет Балауса, екінші орынды 6 «Ә» сынып оқушысы Әбілқасым Жұлдыз, үшінші орынды 5 «Ә» сынып оқушылары Абилпейз Айару мен Ақсеит Гүлсезім иеленді.

